



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2024 жылғы 27 наурыздағы
№ ДС-132 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

«Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Орталық ғылыми кітапханасына қатысты депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймын.

Орталық ғылыми кітапхана 2012 жылдан бері Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – «Ғылым ордасы») құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

«Ғылым ордасы» құрамында кітапханадан басқа 4 музей (*Табиғат, Археология, Сирек кездесетін кітаптар және Қазақстан ғылымының тарихы музейлері*), Ғылыми архив, Ғылыми кадрларды даярлау орталығы бар көп функционалды мекеме.

Орталық ғылыми кітапхананың (бұдан әрі – кітапхана) материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында Реставрация және консервация орталығы құрылды. Ол 65 бірліктен тұратын, жалпы сомасы **625** млн теңгені құрайтын заманауи реставрациялау қондырғыларымен және әртүрлі форматтағы жылдамдығы жоғары өндірістік робот сканерлермен жабдықталды.

Нәтижесінде **18 мыңға** жуық сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар цифрлық форматқа көшіріліп, оқырмандар мен ғалымдардың ғылыми ізденістеріне ыңғайлы болу үшін кітапхананың веб-сайтында орналастырылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына¹ сәйкес бүгінгі күні «Ғылым ордасы» ғимараттарының кешенінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Кітапхананың оқу залдарында ауа баптағыштар орнатылып, жиһаздары толықтай жаңартылуда.

Кітапхананың 2022-2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес жаңа компьютерлер мен кеңсеге арналған техникаларды сатып алу жұмыстары іске асырылуда.

¹ 2022 жылғы 1 маусымдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында берген

Жалпы кітапхана қорын толықтыруға жыл сайын мемлекет тарапынан қаржы бөлініп отырады, соңғы үш жылда кітапханаға 70 млн бөлінді (*оның ішінде 2022 жылы – 30 млн.теңге, 2023 жылы – 17 млн.теңге, 2024 жылы - 23 млн.теңге*).

Кітапхананың кітап қоры 2019 ж. – 30000, 2020 ж. – 30008, 2021 ж. – 18500, 2022 ж. – 8678, 2023 ж. – 5044 бірлікке толыққан.

Мерзімді ғылыми басылымдарға жазылу толығымен мемлекеттік сатып алу порталы арқылы іске асырылады. Келіп түскен газет, журналдар мен монографиялар рет-ретімен сандары бойынша тіркеуге алынып, бағытына қарай қорларда сақталынып, оқырмандардың сұрауы бойынша беріліп отырады.

Қазіргі уақытта кітапхана жас ғалымдар мен мамандарды ғылымға тарту мақсатында ғылыммен айналысуға арналған мультимедиялық алаңға айналууда. Кітапханада ғалымдар тұрақты негізде пәнаралық ғылыми зерттеулер жүргізіп, әр тоқсан сайын семинарлар, форумдар, коворкингтер, симпозиумдар, конференциялар және т.б. іс-шаралар өткізіліп отырады.

Сондай-ақ кітапхана ғылым, өндіріс, білім беру және мемлекеттік басқару салаларындағы ғылыми мекемелермен тығыз байланыста бола отырып, әлемдік жетістіктерді насихаттайтын, жарияланбаған құжаттар қорын қалыптастырады. Қолжазбаларды ғылыми сипаттау және ақпараттық-кітапханалық процестерді автоматтандыру саласында зерттеу және әдістемелік жұмыстарды үздіксіз жүргізеді.

Осыған байланысты, кітапхана ғылыми қызметті дамытудың негізгі факторларының бірі екенін ескере отырып, оны Ғылым ордасының құрамында қалдыру маңызды деп санаймыз.

Кітапхананың қызметкерлерінің жалақысы Үкіметтің қаулысымен² айқындалады және мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың барлық қызметкерлері үшін бірыңғай болып табылады.

Осы орайда Мемлекет басшысының тапсырмасына³ сәйкес 2025 жылға дейін әр жыл сайын азаматтық қызметшілердің жалақысы 20%-дан 100%-ға дейін көтерілетін болады.

Өз кезегінде 2022-2023 жылдары кітапханашылардың жалақысы 20 %-ға көтеріліп, бүгінге олардың орташа жалақысы 170 мың теңгені құрайды.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда және уәкілетті органның бақылауында.

Т. Дүйсенова

² «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы

³ 2021 жылғы қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы

Тізім

А. Назаров
Ж. Амантай
Е. Бейсенбаев
Г. Нұрымова
Д. Қасқарауов
А. Баққожаев